

**Екібастұз қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы "Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 580/6 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 683/6 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен сәйкестікке келтіру мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы "Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 580/6 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4550 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 шілдеде "Отарқа" және "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*К. Нукенов*